



## Құрметті әріптестер!

Мамыражай мамыр айы – ұлы мерекелерге толы. Күні кеше 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі мейрамын атап өттік. Алдымызда 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні және 9 мамыр – Ұлы Жеңіс мерекесі күтіп тұр.

Ұрпақтар сабақтастығын, Отанға қызмет ету ісінің абыройын айғақтайтын соңғы қос мереке бір-бірімен тығыз байланысты. Соның ішінде Ұлы Жеңіс күнінің мәртебесі биік. Аға ұрпақтың жанқиярлық ерлігімен келген қасиетті мейрам өшпес тарихымыздың ұмытылмас бір парағы болып қала бермек. Бүгінгі өскелең ұрпақ рухты ерлердің қаһармандығы мен қайсарлығынан үлгі алып, бой түзейді.

Айбынды мереке саналатын Отан қорғаушылар күнінің де маңызы зор. Аға буынның ізін жалғаған Отан қорғаушылар тәуелсіз еліміздің тыныштығы мен бейбіт

өмірімізді күзетіп, халқымызға қорған болуда. Бар ғұмырын әскери салаға арнап, өз қызметтерін мінсіз атқарып жүрген әскери қызметкерлер қандай құрметке де лайық. Олардың қатарында Жәңгір хан университеті жанындағы «Әскери кафедраның» қызметкерлерін де атап өтуге болады. Білім алушыларға патриоттық және отансүйгіштік тәрбие беруде, еліміздің Қарулы күштерінің қатарына жас сарбаздарды дайындауда әріптестеріміздің еңбегі зор деп білемін.

Баршаңызды осы айтулы мерекелермен шын жүректен құттықтаймын. Әрқашанда аспанымыз ашық болып, еліміздің тыныштығы бұзылмасын. Ел игілігі жолындағы қызметтеріңізге толағай табыстар тілеймін!

А.М.НАМЕТОВ,

Жәңгір хан атындағы БҚАТУ  
басқарма төрағасы-ректор



## Защита Родины – священный долг

7 мая – официальный день создания в Казахстане вооруженных сил и является государственным праздником.



Армия призвана защищать народ, независимость и суверенитет государства. Этот день олицетворяет одновременно летопись героических подвигов казахстанцев и преемственность традиций служения Отечеству. Этот праздник, который призван повысить престиж и имидж Вооруженных Сил Республики Казахстан как внутри страны, так и за ее пределами.

Казахстан на протяжении 30 лет развития своей государственности всегда уделял особое внимание укреплению обороноспособности страны, строительству современной и профес-

сиональной армии.

Вооруженные силы Республики Казахстан отличаются высоким уровнем интенсивности боевой подготовки, качественным мобилизационным резервом, сетью национальных военных учебных заведений и необходимым материально-техническим обеспечением. Наши военнослужащие демонстрируют пример высокой профессиональной подготовки, слаженности и боевой выучки.

Служба в рядах Вооруженных сил стала почетной обязанностью каждого казахстанца, мощной нравственной школой патриотизма, основанной

на героических и боевых традициях старших поколений. Совсем не просто соответствовать требованиям воинского долга, поэтому службу в армии всегда выбирают волевые и мужественные люди. Все они заслуживают самых искренних поздравлений в этот день.

Выражаю огромную благодарность ветеранам и поколению людей, которые научили молодое поколение никогда не сдаваться, отстаивать честь и суверенитет родной страны. 7 мая и 9 мая День Победы, эти дни народ Казахстана празднует с особой гордостью и уважением, отдавая дань вашему героизму!

Каждый мужчина — защитник своей страны и семьи. Поэтому особую благодарность хочется выразить мамам, воспитавших настоящих мужчин!

Всех кто служил, у кого служат близкие, всех казахстанцев поздравляю с 30 летием Вооруженных сил и всем желаю выдержки, стойкости, веры в прекрасное будущее. Пусть будет ясным небо над головой, светлыми будут мысли! Пусть в ваших семьях царит благополучие, взаимопонимание, а на работе сопровождает успех!

Аскар КОНИРОВ,  
начальник военной кафедры,  
полковник

## Мен – қазақпын



Мен – қазақпын жасымас жаудың алдында, Қасқайып тұрып, қасқайып кетер нар тұлға. Жұлқынып тұрған жүрегін билер қайсарлық, Бас иер әлі барлығы «Менің» алдымда.

Мен – қазақпын қаһарын шашқан ғаламға, Соқпақты кештім киіммен де, жалаң да. Өзге емес, шіркін, тарихым сөйлер мен үшін, Расталар бұным зұлматтар өткен даламда.

Мен – қазақпын ерттеп мінген жылқыны, Есіле шапқан, дес бермей жауға жұлқынып. Естіген кезде Қазағым жайлы жылы сөз, Тұрады жүрек бағынбай маған бұлқынып.

Мен – қазақпын, көсіліп жатқан бар далам, Дана халқым мен бабалар даңқын жалғаған. Мен – қазақпын, жырлаймын бұны талмастан, Ел болам әлі әлемнің жадын жаулаған.

Қазақтығымды сезіне қоймас басқалар, Даңқымды мынау, бойымды толық басқарар. Қас қылмақ болып еліме қарсы шапқандар, Жанарларыңда өкініш болып жас қалар.

Омархан НИЯЗ,  
студенттік ректор

## Чествование национальных ценностей



В Западно-Казахстанском аграрно-техническом университете имени Жангир хана в целях прославления национальных ценностей было организовано культурно-массовое мероприятие «Ырысын шашқан гүл көктем».

Мероприятие началось с церемонии открытия аллеи «Достық-Дуслық» совместно с Уфимским государственным нефтегазовым университетом. Церемония открытия аллеи была организована на платформе ZOOM онлайн. Коллектив и обучающиеся обоих университетов высадили первые саженцы деревьев на Аллее «Достық-Дуслық». Так за один день в вузах двух стран появились аллеи, как символ крепкой дружбы.

Торжественное мероприятие продолжилось со вступительных слов заместителя акима города Мирболат Нуржанова, который поздравил коллектив университета и студентов с наступающим 1 мая – Днем единства. В ходе мероприятия группа профессорско-преподавательского состава и сотрудников были награждены благодарственными письмами председателя правления-ректора Аскара Наметова и акима области.

Далее гости праздника посмотрели концертную программу, подготовленную студентами университета Жангир хана. Коллективы институтов и центров поделились на юрты «Бірлік ауылы», «Ақ бидай ауылы» и продемонстрировали казахские обычаи и традиции. Не остались в стороне и национальные игры. В частности, были разыграны такие игры, как «Қой көтеру», «Арқан тартыс», «Асықтау», «Аударыспақ», победителей наградила проректор по воспитательной и социальной работе университета Акылбек Султанов. В конце мероприятия гости отведали национальные блюда, приготовленные коллективом университета.

Дина ЖАНГАЛИЕВА  
специалист медиа центра ЗКАТУ

## Топ - 5 идей для подарка

Выбор подарка – задача не из простых. Ведь хочется, чтобы подарок был и приятным, и полезным, и интересным. Поэтому предлагаем вам несколько идей подарков, которые подойдут для любого возраста.

### 1. Для отдыха

Подарите другу настоящую атмосферу праздника, создайте настроение своим подарком – выберите что-то, что разнообразит досуг вашего приятеля. Можно подарить настольную игру – сегодня в магазинах большой выбор. В любом возрасте друг наверняка оценит вертолет на пульте управления – мальчишки всегда остаются мальчишками. Также можно подарить билеты на концерт его любимой группы, на футбольный, хоккейный или баскетбольный матч – в зависимости от предпочтений. Также подойдут очки виртуальной реальности, электронная книга, качественные наушники.

### 2. Для автомобиля

Если ваш друг много времени проводит за рулем, порауйте его чем-то для любимой машины. Можно подарить видеорегистратор, качественную обложку для автодокументов или термокружку.

### 3. Для увлечений

У всех у нас есть хобби или дело, которым мы любим заниматься в свободное от обязательных дел время. Поддер-



жите друга в его начинаниях! Спортсмену пригодится фитнес-браслет или пульсометр, шейкер для напитков, удобная спортивная сумка или рюкзак для похода на тренировки. Болельщика обрадуют сувениры с символикой любимой команды. Рыбаку можно подарить новый спиннинг, набор блесен или сертификат рыболовного магазина. Меломану – беспроводную колонку или наушники.

### 4. Для работы

Работа – важная часть нашей жизни. Если ваш друг – настоящий трудолюбивый и с удовольствием работает на благо компании или же ведет свой бизнес, подберите ему подарок, который сделает трудовые будни легче и приятнее. Можно подарить фирменную ручку,

кожаный портфель или папку для бумаг, сумку для ноутбука, флешку с большим объемом памяти.

### 5. Для стиля

Вопреки распространенному стереотипу, мужчины уделяют немало внимания собственному внешнему виду. И в этом нет ничего удивительного и, тем более, неправильного – ведь именно по внешнему облику создается первое впечатление о человеке при встрече. Поэтому предлагаем подарить наручные часы, галстук, записки, кошелек, шарф, парфюм. Самый ценный подарок – это внимание. Поэтому независимо от того, что вы преподнесете на праздник другу, сделайте это искренне и самое главное от чистого сердца.

Материал из интернета

## Научный кружок как содружество обучающихся и обучающихся



На этой неделе в «Агротехнологическом» институте высшей школы «Технологии производства продукции растениеводства» состоялось открытое заседание студенческого научного кружка по теме «Определение содержания гумуса в почвенном покрове по методу И. В. Тюрина», в котором участвовали

студенты группы ПА-31 и ПА-41 (руководители магистр с.х.н. Куаналиева М.К. и зав. лаборатории Кабиева Г.К.). Цель метода И. В. Тюрина основан на окислении гумуса в почве под воздействием хромовой смеси и серной кислоты методом титрования. Гумус входит в почву как ее важнейшая составная часть и в основном определяет ее плодородие, а также является источником питательных веществ для растений и при этом влияет на все агрономические свойства почвы, поэтому содержание его и распределение по профилю — один из важнейших классификационных признаков различных типов почв.

Заседание кружка прошло в агрохимической лаборатории при ВШ, где осуществляются полевые и лабораторные исследования с участием студентов. В лаборатории проводятся научно-исследовательские практики, где студенты имеют большие возможности для участия в научно-исследовательской работе по профилю и при этом расширяется тематика выпускных квалификационных работ, имеющих практическую значимость. Главная задача студенческой



науки – выявление талантливых студентов, способных профессионально и творчески решать исследовательские задачи. Общеизвестно, что научно-исследовательская работа дает студентам возможность применить теоретические знания, развить практические навыки, оценить свои способности исследователя.

Таким образом, в ВШ ТППР ЗКАТУ имени Жангир хана создана устойчиво действующая система подготовки высококвалифицированных кадров, в которой учебный процесс тесно связан с научно-исследовательской работой обучающихся.

Лайла КАЛИЕВА,  
руководитель НИРС ВШ ТППР



## Сарбаз болып сапта тұрған



**Асқар БАКУШЕВ,**

**Академиялық мәселелер**

**жөніндегі басқарманың басшысы:**

– Мен Отан алдындағы әскери борышымды Кеңес Армиясының Қарулы күштер құрамында 1986-1988 жылдары Тула облысында №30778 әскери бөлімнің инженерлі-саперлік рота құрамында өтедім. Әскери мамандығым сапер-радиоинер. Кеңес заманында білім және тәрбие алған ер-азаматтарға Отан алдындағы әскери борышты өтеу – үлкен парыз саналатын. Бұл сол кездегі патриоттық тәрбиенің дәсері болар.

Әскери өмір адамды физикалық,

психологиялық, моральдық жағынан көп нәрсеге үйретеді. Тәртіпке бағыну, бұйрықты орындау, кез келген жұмысқа жауапкершілікпен қарау, ұжыммен жұмыстану, ата-ананың қадірін түсіну – осының барлығын үйренесің. Түрлі ұлт өкілдерімен бір үстел басында тамақтанып, бір бөлмеде демалып, әскери жұмыстар мен нарядтарды бірге атқару достыққа, ынтымақтастыққа тәрбиелейді. Сол кездегі Кеңес одағының әр жерінен бірге әскери борышын өтеген бірнеше достарым да бар.

Әскерден келгеннен кейін ЖОО-дағы оқуымды жалғастырдым. Айналадағы адамдардың көзқарасы ерекше болатынын байқадым. Әрине, ең алдымен біліміңе қарайды, бірақ әскер қатарында болғандарды дербес, өз бетінше шешім қабылдай алатын, ішкі тәртібі қалыптасқан азамат ретінде қабылдайды.

Бүгінде әскерге барушылардың қатары азайып бара жатқаны рас. Жігіттердің көпшілігі әскерге барғысы келмейді. Негізгі себеп жастар арасында Отан алдындағы әскери борышты өтеу туралы ақпараттың төмендігінен болуы мүмкін, екіншіден, ата-ананың ықпалы бар. Жастардың көпшілігі әскери тәртіпке бағынғысы келмейтін сияқты. «Тәртіпке шыдамаймын-ау» деген сенімсіздік пен психологиялық тұрғыдан шынықпағандықтан деп ойлаймын.

тәрбиелейді. Әскерден соң бойындағы жастық шақтың жеңілтектігі басылады. Қоғамдағы өз орныңды дұрыс түсінуге, қателік жасамауға, сыйластық пен достықтың маңыздылығына мән бере бастайсың. Өз жеріңе, Отаныңа деген сүйіспеншілік арта түседі.

Әскерде жүргенде басымыздан түрлі қызықты оқиғалар өтті. Ұмытпасам, 1988 жылдың ақпан айында Ақтоғай әскери гарнизонының жаттығу полигонында танкіден ату дайындығын жүргізіп жаттық. Қағысушы танкілердің бәрі нысанамен екі ортада жүрді (рубежный, исходный). Кенет ауа райы күрт өзгеріп, боранға ұласып, танкілер моторлары сөнгеннен кейін қайта от алмай қалды. Біздер жауынгерлік дайындықта полигон танкілеріне жауапты болғанбыз. Содан соң 4 танкіні батальон командирі екеуіміз менің экипажыммен сүйреп, ату алаңынан полигонға қараңғы түскенше жеткізіп үлгердік. Негізі танкіні механик жүргізуші люкті жауып жүргізеді. Ал маған бораннан айнала көрінбейтін болғандықтан, танкіні люктен басымды шығарып (походный) тізгіндеуге тура келді. Сол жолы маған комбат ризашылығын білдіріп, алғыс жариялады. Бірақ мені бәрінен бұрын екі бетімнің қатты аязда үсіп кеткені алаңдатты. Сырттай сыр білдірмегеніммен, іштей бетімдегі үсіктің орны жазылмайтын шығар деп уайымдадым. Әйтеуір медициналық көмектің арқасында уақыт өте бетімде бір де бір дақ қалмады.



**Қаржаубай ДОСОВ,**

**«Индустриалды-технологиялық» институтының аға оқытушысы:**

– Мен 1986-1988 жылдары Отан алдындағы әскери борышымды өтедім. 1987 жылдың мамырына дейін Орталық Азия Қызыл Тулы әскери округінде (КСАВО) Отар станциясында (Жамбыл облысы) орналасқан «Гвардейский» әскери қалашығында 6 ай әскери оқу дайындығында болып, қазіргі Семей облысы, Таскескен ауданы, Ақтоғай ауылына жақын орналасқан әскери гарнизонда орта ауыр танкінің механик-жүргізушісі болдым. Әскерге бару әр азаматты тәртіпке, қиыншылыққа төзуге



**Біржан НУРГАЛИЕВ,**

**«Ветеринарлық медицина және мал шаруашылығы» институтының директоры:**

– Мен 2001 жылы университет бітірген соң, Алматы облысы, Еңбекшіқазақ

ауданы, Қаракемер ауылы, 6654 әскери бөлімшесінде (ішкі әскер) Отан алдындағы әскери борышымды өтеп келдім. Әскерге бару ер адамды тәртіптілікке, жауапкершілікке, жауынгерлікке үйретеді. Сондай-ақ әскери өмірді көріп, соғыс тактикасын меңгеріп, қару-жаракты пайдалануды меңгересің. Ең бастысы, әскерден соң ПМ, ҰҚК, шекара қызметіне және т.б. әскери қызметтерге орналасу мүмкіндігі жоғары болады.

Қазіргі уақытта жастардың әскерден қашуына түрлі себеп болуы мүмкін. Соның ішінде әскерде орын алып жатқан кейбір келеңсіз жағдайлар, жас ұрпақтың бойында отасүйгіштік тәрбиенің жетіспеуі әсер етуі ықтимал. Әр ата-ана, ұстаздар қауымы бала тәрбиесінде ұлттық идеологияға, рухани тәрбиеге мән беріп, ел мен жерге деген сезімдерін ерте оята білуі керек деп ойлаймын. Әскери өмірдің темірдей тәртібі қиындық тудырғанымен, кейін еңбекке араласқанда көп септігін тигізеді.



**Қанат НАРИКОВ,**

**«Құрылыс және құрылыс материалдары» жоғары мектебінің жетекшісі:**

– Мен 1987-89 жылдары аралығында Сібір әскери округінде (СибВО) Красноярск 45 қаласында арнайы 39239 әскери құпия бөлімшесінде РЛК опе-

раторы болып борышымды өтедім. Әскерде өткен күндеріме өкінген емеспін. Себебі туған жерден, елден алыста жүргенде атамекенге, ағайын-туысқа, ата-анаға деген сағыныш сезімдері оянады. Әскери кезең ер-азаматты сабырлыққа, батылдыққа, отансүйгіштікке үйретеді. Елден қиыр шетте, бірнеше ұлыс пен ұлттың ортасында жүргенде, өмірге деген көзқарасың да өзгереді.

Әскерге барудың ең басты артықшылығы – Отанға деген сүйіспеншілік, елді қорғау жолында берген антыңа адал болу. Әскерден оралғаннан кейін өзіңді ересек сезініп, бойыңда жауапкершілік, білім алуға деген құштарлық, еңбекке деген құлшыныс пайда болғанын байқайсың.

Әскери салада қызмет жасап жүрген нәзік жандар да бар. Алайда олар тек мамандықтарына сай қызмет жасағаны дұрыс деген ойдамын.

**Айдын СӘБИТ,**

**АТТ-41 тобының студенті:**

– Мен 2018 жылы Қарағанды қаласында ҚР Ұлттық Ұланының 5451 әскери бөлімінде Отан алдындағы әскери борышымды өтеп келдім. Қазір Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың «Аграрлық техника және технология» мамандығының 4-курс студентімін. Әскерге 2-курстың бірінші семестрінде шақырту алдым.

Әскерде өткен 1 жыл мені көп нәрсеге баулыды. Тәртіп, жауапкершілік, ұғымдарын жете түсіндім. Оған қоса ерлердің бойынан табылуы қажет қайсарлық, батылдық, өжеттілік қасиеттерін бойыма сіңірдім. Әскерден оралған соң, сабақ үлгерімім де айтарлықтай жақсарды. Себебі, уақытымды дұрыс жоспарлап, жұмыстарымды белгілі бір тәртіппен жасайтын болдым.

Әскерде жүргенде бізді қала ішіне қоғамдық тәртіпті бақылауға жіберетін. Патрульдік-күзет қызметі барысында тұрғындарды қауіпті жағдайлардан құтқарған сәттер де болды. Сол кезде әскери қызметтің маңыздылығын түсініп, адамдарға көмегіміз тигені ерекше әсер сыйлайтын.

Қазіргі кезде әскерге барудан қашатын қатарластарым көптеп кездеседі. «Қазір



бейбіт заман ғой, 1 жыл уақытымызды бекерге құртқымыз келмейді» дейтіндер де бар. Алайда бүгінгі күнмен ғана өмір сүрмей, болашағымызды ойлауымыз керек. Әрине, ешқашан соғыс болмасын. Бірақ ел басына күн туған шақта Отанымызды, халқымызды қорғауға әр ер-азамат дайын болуы қажет.

Әскердегі уақытым менің өмірімде үлкен орын алады.

## Ел қорғайтын айбынды жастар



**Дильназ САТЫБАЛДИЕВА,**  
«Әскери кафедра» студенті:

Мен әскери кафедрада «Құрлық әскерлерінде қосымша білім алып жүрмін. Өзім – Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде «Құқықтану» мамандығында оқимын. Бір жағынан әскери кафедрадан алып шығатын «лейтенант» шені мен оқу бітіргеннен кейін де қажет болары сөзсіз. Болашақта прокурор болғым келеді. Сонымен қатар әскери салада қызмет етсем деген арным да бар.

Әскери кафедрада білім алу өзіме ұнайды, сабақтың да аса қатты қиындығы жоқ. Дегенмен, әскери орын болғандықтан, тәртіп талап етіледі. Біз басқа университеттің студенті болсақ та, бізге мұндағы оқу процесіне қатысатын уақытымыз кестеге сәйкестендірілген. Әр аптаның ішіндегі бір күніміз осы әскери кафедрада өтеді. Ол жағынан ешқандай мәселе туындаған емес.



**Гүлнәз ӘМІРЖАН,**  
«Әскери кафедра» студенті:

Мен Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінде «Жерге орналастыру» мамандығында оқимын. Сонымен бірге қосымша биыл әскери кафедраға «Құрлық әскерлерінде байланысты ұйымдастыру» мамандығына оқуға түстім. Әр аптаның бір күнін әскери кафедрада өткізіп, сапта тұрып, әскери дағдыларды меңгереміз. Әскери кафедрада білім алу бізге әскери өмірдің қырсырын ұғындырып, шыдамдылық, ұстамдылық секілді қасиеттерді бойымызға дарытты. Әрине, әскери өмір қыздарға қиындау, алайда алып жүруге болады. Барлығы да адамның өзіне байланысты. Біз де жігіттермен қатар барлық тапсырмаларды ойдағыдай орындауға тырысамыз. Себебі, тәртіп – барлығымызға ортақ. Нәтижесінде мен әскери кафедраға оқуға түскеніме өкінбеймін.



**Темірлан ТӘЖЕН,**  
«Әскери кафедра» студенті, взвод командирі:

Мен әскери кафедрада «Зымыран әскерлері мен артиллериясы бөлімшелері, бөлімдері мен құрамаларын жауынгерлік қолдану» мамандығында 2-курста оқып жүрмін. Биыл оқуымды тәмамдап, «запастағы лейтенант» шенімен қолыма әскери билетімді алатын боламын.

Әскери кафедрада оқу менің әскерге баруға деген қызығушылығымды туындатты. Сонымен бірге кураторымыз, запастағы полковник Руслан Қазбекұлының сабақ барысында үйрететін әскери дағдылары, берген теориялық білімі мен тәжірибе барысындағы әдіс-тәсілдері үлкен ой салды.

Болашақта қызмет жасайтын әр маманға әскери билет қажет болары белгілі. Оған қоса Отан алдындағы әскери борышын өтеу – әрбір ер-азаматтың парызы. Жігіттер әскерге барудан жалтармауы керек. Себебі, әскери дайындықтан өту арқылы қолыңа қару алып, Отаныңды қорғауға сакадай-сай боласың. Өзім оқып жатқан мамандық арқылы да артиллериялық қарулардың түрлерін, оларды қолдану тәсілдерін, сипаттамасын меңгердім. Мұның өзі – мен үшін үлкен жетістік.

### Ұлылардан қалған ұлағатты сөздер

«Азаматтық ерлік пен жауынгерлік ерлік бір негізден тарайды»  
Оноре де Бальзак

«Азамат сыны – ерлік, ерлік сыны – елдік»  
Мұхтар Әуезов

«Әскери бөлімнің күші – жауынгерлік достық пен жолдастық бірлікте, ынтымақта»  
Бауыржан Момышұлы

«Әскери өнердің құпиясы: уақытта керек жерде жауынгерлік мықты болу»  
Наполеон Бонапарт

«Ерлік – арқасында қауіп-қатер адамдар тамана істер істейді»  
Аристотель

«Ерлік қауіп-қатерді батылдықпен жеңуден емес, оны қаймықпай қарсы алудан тұрады»  
Жан Поль

«Батыр жауда сыналады, Жуас жайда сыналады»  
Махмуд Қашғари

«Ер жүрек адамды оққа байлауға да, оққа айдауға да болады»  
Василий Сухомлинский

### «Мыңды жыққан» білімпаз студенттер

Биылғы еліміздегі жоғары оқу орындарының білім алушылары арасында өткен XIV республикалық пәндік олимпиадада Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің студенттері жүлделі орындарды иеленіп, ұстаздарының мерейін асқақтатты. Жүлдегер студенттерімізді бағындырған белестерімен құттықтаймыз!

«Ветеринарлық медицина және мал шаруашылығы» институтынан:

Аяулым Бексұлтан – II орын;  
Аида Мүсімхан – II орын;  
Аружан Әтімбетова – III орын;  
Абылайхан Дүйсенбеков – III орын.

**Топ жетекшілері** – «Ветеринарлық және биологиялық қауіпсіздік» жоғары мектебі доцентінің м.а. Светлана Баянтасова, «Мал шаруашылығы және биоресурстар» жоғары мектебінің аға оқытушысы Айнат Қожахметова.

«Агротехнологиялық» институттан:

Алмагүл Тельжанова – II орын;  
Шұғыла Нұрадинова – III орын;  
Салтанат Құрманбайқызы – II орын;  
Айзада Габсикова – III орын.

**Топ жетекшісі** – «Өсімдік өнімдерін өндіру технологиясы» жоғары мектебінің аға оқытушысы Асхат Бекқалиев.

«Экономика, ақпараттық технологиялар және кәсіби білім беру» институтынан:

«Топ-экономистер» командасы (С.Сибатагов, Н.Харчев, М.Арыстанова) – III орын.

**Топ жетекшісі** – доцент м.а., PhD докторы Салтанат Есенғалиева.



«Индустриалды-технологиялық» институтынан

Ернұр Құмарғали – III орын;  
Артем Вовк – III орын;  
Назерке Зейнолла – III орын.

**Топ жетекшілері** – «Құрылыс және құрылыс материалдары» жоғары мектебінің жетекшісі Қанат Нариков, аға оқытушысы, магистр Нұрғұл Құрманязова.

«Политехникалық институттан»: Нұрдәулет Досжанов, К.Медеу – командалық II орын;

Қайрат Медеу – III орын;  
Асылбек Тайшыбаев – III орын;

**Топ жетекшілері** – «Электротехника және автоматика» жоғары мектебінің аға оқытушысы Наталья Лелеи, «Техника және инженерлік қорғау» жоғары мектебі доцентінің м.а. Жанна Кубашева.

#### Меншік иесі:

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті. Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігінде 2004 жылдың 29 қаңтарында тіркеліп, №4651 – Г куәлігі берілген.

Жәңгір хан атындағы БҚАТУ медиа орталығының директоры  
**Ләззат ҚАЖЫМОВА**

Бас маман  
**Анар НҮРЛАНҚЫЗЫ**  
Компьютерде беттеуші және дизайнер  
**Қайрат ИСИМОВ**

Газет Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың медиа орталығында теріліп, беттеліп, Жарнама-баспа орталығында басылады.

Газет электронды түрде университеттің интернет ресурстарында таратылады. Тапсырыс: № 555 Қолжазба авторға қайтарылмайды. Деректердің нақтылығына автор жауапты.

#### Редакцияның мекенжайы:

090009, Орал қаласы, Жәңгір хан көшесі, 51. Бас ғимарат 206-бөлме 1-42  
info\_zkatu@mail.ru